

Бураханова Қ.С.,
Канленова Б.Н.

**Професор С. Аманжолов
мұрасының маңызы мен
өзектілігі**

Burahanova K.S.,
Kanlenova B.N.

**The importance and relevance
of the scientific heritage of
Professor S.Amanzholov**

Бураханова Қ.С.,
Канленова Б.Н.

**Значимость и актуальность
научного наследия профессора
С. Аманжолова**

Мақалада профессор С. Аманжолов мұрасының қазақ тіл біліміндегі маңызы мен өзектілігі туралы айтылады. Фалымның ғылыми көзқарасы мен пікірлері бүгінгі таңда да өзектілігін жойған жок, және қазақ тіл білімінің дамуына болашақта да ықпалын тигізе береді. Фалымның әдеби тіл, терминология және аударма мәселелеріне арналған ғылыми мақалары да көп. Оның тіл тазалығы мәселесі бүгінгі күннің де аса маңызды, көкейтесті мәселесі болып отыр.

Түйін сөздер: Тіл білімі, тілдік бірліктер, қазақ әдеби тілі, ғылыми көзқарастар.

The article devoted to the importance and relevance of the scientific heritage of the outstanding scientist, one of the founders of Kazakh linguistics professor S. Amanzholov. The valuable scientific judgments of outstanding scientists S. Amanzholov beneficial effect on the further development of Kazakh linguistics and until today has not lost its relevance.

Key words: Linguistics, linguistic units, Kazakh literary language, scientific views.

Статья посвящена значимости и актуальности научного наследия видного ученого, одного из основоположников казахского языкоznания профессора С. Аманжолова. Ценные научные суждения выдающего ученого С. Аманжолова благотворно влияют на дальнейшее развитие казахского языкоznания и до сегодняшнего дня не утратили свою актуальность.

Ключевые слова: Языкоzнание, языковые единицы, казахский литературный язык, научные взгляды.

**ПРОФЕССОР
С. АМАНЖОЛОВ
МҰРАСЫНЫҢ
МАҢЫЗЫ МЕН
ӨЗЕКТІЛІГІ**

Откен ғасырдың басынан бастап қазақ тілі білімінің ғылыми теориялық негізін салушылардың алдыңғы легінде серпінді енбек еткен, қазақ тілін көп салалы ғылыми пән етуге, оны халық ағарту иғілігі үшін көдеге жаратуда өлшеусіз үлес қосқан ғылыми-қайраткер, маман-лингвист, үлкен ағартушы педагог, туған халқының адад да төл перзенті ретінде ғылым мен өнердің бар саласында өшпес іс қалдырган зор тұлға – профессор Сәрсен Аманжолов.

Қазақ тіл білімінің қалыптасуына атсалысып, оның іргетасын қаласып, ғылыми-теориялық негізін салып, іргелі ғылым деңгейіне көтерілуіне үлкен үлес қосқан ғалымдардың бірі С.Аманжоловтың ғылыми көзқарасы мен пікірлері бүгінгі таңда да өзектілігін жойған жоқ. Ғалымның еңбектерін зерделей келе, қазіргі қазақ тіл білімінде енді-енді қолға алына бастаған этнолингвистика, лингвомәдениеттанным, этнолингвопсихология, когнитивтік лингвистика сияқты жаңа бағыттардың қалыптасуына, дербес пән деңгейіне көтерілуіне қажет құнды ғылыми тұжырымдарды ғалымның сол кезенде-ақ айтып кеткеніне күә боласын. Мәселен «Тіл ғылымы және оның мақсаты» деп аталатын мақаласында ғалым тілдің қарым-қатынас құралығана емес, дүние танудың да құралы бола алатындығына айрықша мән береді. Ол «әуелде тіл ғылымы хат тану, оқу жаза білудің басқышы; хат тани білу арқылы адамның басқа білімдерге қолы жетеді, білімдердің тарихын білу арқасында адамның ой-өрісі кеңейді, тіл ғылымы арқылы бір халық екінші халықпен дұрыс қатынас жасайды, бірінің тілін бірі тез үйренуге де тіл ғылымы себепкер» дей келе, «тіл мен тіл ғылымсыз еш мәдениет болған емес» [1,86] деп, тіл мен мәдениет арасындағы сабактастықты түйіндейді. Адамның дүниетанымы тілдік бірліктерде көріністаяуып, тіл әлемінде өз бедерін қалдыратыны да ғалым назарынан тыс қалмаған. «Қай ұлттың болса да тіл байлығы – сол ұлттың тарихи айнасы. Өйткені сөздің бәрі – сананың көрінісі. Сондыктан әрбір сөз тарихтың дерегі» [2,115] деген ғалым пікірі этностың болмыс-бітімін оның тілі арқылы танып білу мақсатынан туындаған лингвистиканың жаңа да дербес саласы этнолингвистикадағы ғылыми ой-тұжырымдармен сабактастық тауып жатады. Бұлар ғалым пікірлерінен қазіргі қазақ тіл білімінде өріс алып келе жатқан этнолингвистика, когнитивтік

лингвистика, лингвомәдениеттанның нышандары байқалады.

1952 жылы жазылған «Жаңа дәуірге көшкен Советтік тіл ғылымы және қазақ тілінің кейбір мәселелері» деген мақаласында С. Аманжолов бұған дейін қолдан келген Н.Я. Маррдың тіл жайындағы «жана ілім» дегенінен бас тартып, тілдердің туыстығын, бір-бірімен генетикалық жақындығын, туыс тілдердің бұрыннан айқындалған топтарын дұрыс деп табады, туыс тілдерді салыстыра зерттеудің орынды екендігіне деңқояды.

С.Аманжолов «орыс тілінен енген сөздердің қай уақытта қалай пайда болғандығын анықтауда қазақ халқы мен орыс халқының XVII ғ. дейінгі мәдени-тариhi қарым-қатынастарын теренден зерттеу қажет», сондай-ақ «қазақ пен монгол халқының сөз ауысуы туралы зерттеулерде түркі мен монгол тілдерінің X-XII ғасырлардағы, яғни монгол шабуылы басталмастан бұрынғы жағдайлары, сөз байлықтары тексерілуі керек» деп тарихи лексикологияның алдағы міндеттерін айқындаиды.

С. Аманжолов «кісі аттарының жасалуында белгілі бір заңдылық бары байқалады, кісі атының өзі тоғыз жол яки тоғыз мақсатқа тірелетін көрінеді» дей келе, осы тоғыз жолды ашып көрсетеді. Сондай-ақ қазақ тіліндегі ерікті атаулар деуге болатын әуелгі түрі өзгеріліп қолданылатын кісі аттары, монгол тілінен ертеде ауысқан адам аттары бар екендігін, олардың көбінің мағынасы түсініксізденіп кеткендігін айтады. [3,76] Қазіргі кездегі қазақ тілінің қолданыс шенберінің кеңеюіне байланысты қазақ тілін кең мағынадағы ғылым тіліне айналдыру ісінде ғалымның қазақ терминологиясы мен аударма саласындағы зерттеулері маңызды орын алады. С. Аманжолов «Қазақ тіліндегі ғылыми терминология мен аударма мәселесі туралы» деген мақаласында «термин деп танылған, қабылданған сөздің» бір-ақ мағынасы болуы керек, екі ұшты мағына беретін сөз термин болып жарытпайды» деп [4,45] терминнің қандай болуы керектігін анық, айқын айтады. Терминдердің қабылдануы, бекітілуі, жиналып ретке келтірілуі, зерттелуі, қолданылуы мәселелері де ғалым назарынан тыс қалмайды. Термин жасау және орыс тіліндегі терминдерді аударып беру мәселесінде қазақ тілінің өз мүмкіндігін сарқа пайдалану принципін қолдану қажеттілігін айтып кеткен.

Ғалым С.Аманжоловтың арнағы зерттеген салаларының бірі – қазақтың әдеби тілі. «Қазақтың әдеби тілі» деген ғылыми мақаласында ғалым қазақ тілінің даму тарихына шолу жасайды.

Тілші қазақ халқын құраған тайпалардың кейбіреулері (қаңлы, үйсін, керей, найман, дулат, арғын, алшын) жайлы деректерді келтіреді, қазақ тілінің қалыптасуы жайлы өз тұжырымын ұснады. Ол «қазақ халқының тілін бір атанаң, бір ғана елдін тілінен құралған тіл дей алмаймыз, қазақ тілі, басқа тілдер сияқты толып жаткан рутайпа тілдерінің косындысынан. Қазірдің өзінде қазақ тілін ішінде қайшылығы ия қабаты жоқ тұтас бір тіл, монолит деп қараша дұрыс болмайды. Қазіргі қазақ тілінің өзінің ішінде бұрынғы ес-кі руладың да тілдерінің сарқыншақтары бар» деген қортынды пікір айтады. Ғалымның қазақ тілінің қалыптасу тарихына байланысты бұл пікір-тұжырымдары кезінде ғылыми аренада дау туғызғаны, бұл пікірге қарама-қайшы «қазақ тіліндегі диалект жоқ, қазақ тілі монолит тіл» [5,55] деген пікірлер кейбір тілші ғалымдардың зерттеулерінде орын алғаны белгілі.

С.Аманжолов «әдеби тіл деген нәрсе – сапасы жағынан да, өзінің ерекше қасиеттері жағынан да ру тілінен де, ру-тайпа тілінен де, ру-тайпа одактарының тілінен де, халық тілінен де жоғары тұратын нәрсе» дей келе, ғалым әдеби тілмен халық тілінің арасындағы айырмашылықты атап көрсетеді. «Қазақтың әдеби тілінің бастама үлгісі жазба түрінде XIX ғасырдың екінші жартысынан ғана басталады» деп санаган ғалым қазақ халқына ортақ әдеби тілдің негізін салушылар ретінде Абай Құнанбаев пен Ыбырай Алтынсаринде атайды, «қазақтың әдеби тілінің толық мағынасында қалыптасуы тек Совет тұсында ғана болғанын айтпасқа болмайды» деп қазақтың әдеби тілінің қалыптасуына байланысты ойын түйіндейді. [6,55]

«Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қыскаша курсы» (1950, 1994) деп аталатын тиянақты еңбегі арқылы қазақ ғылыми синтаксисінің негізін қалаған С.Аманжоловтың «Синтаксис және ой ойлау мәселелері» (1949), «Отыр мен тұр етістіктерінің тарихи туралы этюд» (1958), «Сөз тұлғалары» (1936), «Септік жалғауларының қызметі» (1936) т.б. мақалаларында көрініс тапқан тіл білімінің морфология мен синтаксис саласындағы тың пікірлері, ғылыми тұрғыдан терең талданған және шешімін тапқан мәселелер – қазіргі қазақ тіл білімі үшін мәні ерекше дүниелер.

Корыта айтқанда қазақ тіл білімінің теориялық негізін қалаушылардың бірі, көрнекті ғалым С. Аманжоловтың зерттеулерінде көрініс тапқан ғылыми ой-тұжырымдары қазақ тіл білімінің дамуына, жаңа ғылыми-зерттеудердің пайда болуына игі ықпалын тигізеді. Қазақ тіл білімінің іргетасын қаласып, ғылыми-теориялық негізін

салып, жоғары деңгейіне көтерілуіне үлкен үлес қосқан ғалымдардың бірі – С.Аманжоловтың ғы- лыми көзқарасы мен пікірлері бүгінгі таңда да өзектілігін жойған жоқ.

Әдебиеттер:

- 1 С.Аманжолов. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: Санат, 1994ж.
- 2 С.Аманжолов Қазақ тілінің грамматикасы. II-бөлім. – Алматы, 1957ж.
- 3 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ф. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997
- 4 С.Аманжолов Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1951ж.
- 5 Жаналина Л.К. Номинация как форма речевой деятельности. – Алматы, 1994ж.
- 6 Аханов К. Тіл білімдерінің негіздері. – Алматы, 1993ж.

References

- 1 S.Amanzholov. Kazakh adebi tili sintaksisinin kyskasha kursy- Almaty: Sanat,1994.
- 2 S.Amanzholov. Kazakh tilinin grammatikasy. II-bolym. Almaty, 1957.
- 3 Bolgambaiuly A., Kaliuly G. Kazyrgi Kazakh tilinin leksikologiyasy men frazeologiyasy, Almaty,1997
- 4 S.Amanzholov. Kazakh tilinin grammatikasy. II-bolym. Almaty, 1951
- 5 Zhanalina L.K. Nominazhuya kak forma reshevoi deiatelnosti. Almaty, 1994.
- 6 Akhanov K. Til bilimderininin negyzderi. Almaty, 1993.